



A

O

I

O

A

T

АҚКӨБЕК БИ ҰРПАҒЫ

Халқымыздың басынан өткен тар жол тайғақ кешу замандарда азаттық үшін күрескен батырлар мен билер көп болған. Солардың бірі ғана емес, бірегейі – Текей Қарпықұлы. Ауызша әңгімелер мен деректерде Текейдің Әз Тәуке ханның бас батырының бір болғаны айтылады. Бөкенбай, Қабанбай, қос Бөгенбай, Жиёмбет, Жәнібек, Малайсары, Сартай, Тайлақ, Тілеу, Саңырық батырлармен бірге Қаракете Текей батыр сол саптан көрінген. Сыр елінде оны Тәуке ханның үзеңгілес серігі, тіпті бас батыры ретінде атайды. Содан да болар, ұзақ жыл бойы ел жадынан шықпай, есімі аңызға айналған батырлардың бірі осы.

Әйгілі Қорқыт ата және де Қармақшы өңірінде өмір сүрген Сыр сүлейлері, шежіреші-қариялар Текей батырға соқпай өтпеген. Шегебай Бектасұлы (1844-1916) «Би-батырларды жырлаймын» атты толғауында:

...Енді бермен келейін,
Қарпықтың ұлы Текейге.

Айдаһардың таудағы
Басын кесіп ерлеген.

Уақытында тақымын

Қалды ма жан көрмеген? –

деп жырлаған. Шегебай ақын бұл толғауын 1909-1910 жылдары шығарған.

Текей батырдан: Ұлтай, Абақан, Ақкөбек, Құтмәмбет, Кеген, Өтепберген (Шымырбай) туған. Ел Бес Текей, кейде Алты Текей деп те атайды. Бұл мақаламызда Текей баласы Ақкөбектің кейбір ұрпағы туралы сөз етпекпіз.

Ел аузындағы әңгімелердің бірінде Текей батыр балаларын жинап өсиет айтыпты. Алдымен Абақанға: «Айналайын Абақаным, саған ауызбірлігімді бердім» десе, Ақкөбек ұлына: «Ақкөбек қалқам, саған билігімді бердім, ұрпағың би болып өтсін» дей келе, келесі балаларына да батасын беріп, өсиетін қалдырған.

Асан-Қарпыққа қарасты Ақкөбектен тарағандар архив деректерінде Қарпық деп жазылыпты. XVIII-XX ғасырларда ел билігіне араласқан көптеген тұлғалардың есімдері ел аузында, кейбірі архив құжаттарында хатталған. Солардың арасында Қосқадам, Көбек билермен қатар, олардың ұрпақтарының да есімдері жазба деректерде кездесіп отырады. Нақтылай кетсек, Аймырза, Барболды мен Нарболды, т.б.

Жұртшылықтың құрметіне бөленген олардың аттарында жер-су атаулары бар. Майлыөзек маңындағы «Қостам» деп аталып кеткен екі үй Барболды мен Нарболдыға салынған. Бүгінде олар құлап, орнына ұрпақтары ескерткіш белгі орнатқан. Сондай-ақ, «Сонабайдың

төртқұлағы», төбесі, «Шыбық төбесі» секілді жер-су аттары бар. Шежіре тарқату жолымен қарасақ, Ақкөбек би шамамен XVIII ғасырдың басында, балалары Бөтек, Нұрлыбай, Түмен, Түгел сол ғасырдың 40-50-ші жылдары өмірге келген деуге болады. Осы мақаланы жазу барысында ата-тек шежірелері мен архивтегі жазба құжаттарды салыстыра отырып қарадық. Сонда байқағанымыз, шежіреде аттары жазылмаған біршама есім иелері шықты. Ұрпақтарының айтуынша, Барболды би 1819 жылы туып, 1905 жылы қайтыс болыпты. Нарболды да сол шамалас өмір сүрген.

1851 жылғы Орынбор шекаралық комиссиясының №4 қорындағы құжаттардың бірінде түтін пұл төлегендер арасында Барболды Көбеков, Сатанбай Қозыкеев, Құттыбай Жылқайдаров, Бекмырза, Қалмырза, Өтек, Жанбай, Қосқадам Бегалиевтердің 1,50 тиын күміс ақша төлегені жайлы белгі соғылған. Бұлармен қатар Пірен, Жанғалы, Кенжалы Мырзалиевтермен бірге Піреннің баласы Мұртазаның да есімі жүр. Шежірелік есеппен қарағанымызда, Қосқадам 1820-1821 жылдары, ал оның баласы Аймырза 1841-1843 жылдар шамасында туған десек болады. Көбектің балалары осы шамалас өмірге келген.

Пірен бидің немересі Бүдірбайдың есімі 1902-1903 жылдардағы бұрынғы Қуаңдария болысы Бегім Сарбаевтың ісі туралы құжатта жүр. Демек, Бүдірбай Құдыманов (Қолдаман) 1868-1870 жылдары туған деуге болар. Осы жылы Б.Сарбасов 56 жаста, Жүніс Қосқадамов 37 жаста екені көрсетілген.

Ауызша әңгімелер, ата-тек шежірелер мен жазба деректерді салыстырып қарағанда көп айырмашылық жоқ. Көбек Нұрлыбай баласы айтқанын орындататын, сөзі өтімді, дау-жанжалды бейбіт түрде шешуге зор мән беретін кісі болыпты деседі. Көбектен туған Барболды, Нарболды да елге басшылық жасаған тұлғалар қатарында ел ішінде ілтипатпен аталады.

Барболдыдан: Құлатай, Дәулетбай, Мырзатай, Бермағанбет өрбіпті. Құлатайдан Үрістем, Дастан, Әкімжан тарайды. Әбірашұлы Шәкен және Әкімжан, баласы – Кәрішбай, Алдажарұлы Сатайбек Кәрібаевтармен таныс-біліспін.

Болыс болды, ел басқарды деген Дәулетбай шынында да Қуаңдария болысын 1891-1893 жылдарда басқарғаны архивте жазылған. Оған қоса оның 10 десятина жері, 13-15 пұт астығы (арпа, бидай, тары) бары айтылған. 1891 жылы 56 түтін Перовскіні, 147 шаңырақ Қызылқұмды және 1673 шаңырақ Қуаңдария бойын қыстаған. Дәулетбайдың малшаруашылығымен бірге егін егумен айналысқаны көрініп тұр. Ұрпақтарының айтуынша Дәулетбай 18 жыл болыс болыпты.

Перовскі уезінде Шаған болысындағы ауылда Қаракетелердің саны – 500 түтін. Ал Аққыр болысында Кетелердің жалпы саны – 738, оның – 370-і Қаракете. 1910, 1913 жылдардағы есепте Қаракөл-Қуаңдария болысында – 255, Аққырда – 909, Жамансырда – 169, Қуаңдария

болысында – 1054 шаңырақ тіркелген. Аққыр болысын басқарғандар – Бекмырза Еркінбаев, Тұңғышбай Бекмырзаев, Тайшық Тұңғышбаев, Рүстем Жортекеев және Е.Төлегенов, Қуандария болысын Дәуімшар Қитаров, Қаражан Тұрақов, Дәулетбай Барболдиев, Бегім Сарыбасов, Тапбай Қосымов басқарған.

Ата-тек шежіреге енбеген Нарболды ұлы Ділманбет, Әуез балалары Тоқмамбет, Ақмамбет пен олардан туған Ақназар есімдерін 1851 жылғы архивтен оқыдым.

Оқырмандар есіне салатын бір дерек: Қазалы уезінде 1868 жылы алдымен 11, кейіннен 14 болыс болған. Оның бесеуі Кете-Шөмекейлерден құралған. 1886 жылы Перовскі уезінің Қуандария, Аққыр, Жамансыр болыстары Қазалы уезінің қарамағына берілген. 1913 жылы Аққыр болысында 9 әкімшілік ауыл болған, халық саны 1325-ті құраған. Қуандария болысында 11 ауыл, онда 1863 шаруашылық орналасқан. 1920 жылы Қуандария болысы Найман Кенжеғұлов, хатшысы Бектібай Қуанышбаев (Аққыр болысымен қосылған. – Т.Д.) болған.

1874 жылы Аққыр болысын Тұңғышбай Бекмырзаев басқарса, болыстың кандидаты Қаракөз Сарықұлов, билері – Бекет Өтемісов, Ешнияз Жөнелдіков, Ақбай Ордабаев, Құламан Түзелбаев, Дәуімшар Қитаров, Тәйтек Құлбасұлы, молда Құбайсын. Абдолла Ақсұңқар баласы, Бекмырза Еркінбаевтар губернатордың бұйрығымен сайланған.

Мұрағат деректері бойынша, Қаражан Тұрақов 1891-1892 жылы, Дәуімшар Қитаров 1880-1889 жылдары Аққыр болысын басқарған. Аймырза Қосқадамов 1861-1862 жылдары би болғаны және Жөлек пен Жаңақорған қорғандарын алуға күш-көлікпен көмектескені үшін қанжар мен «Станислав» медалін алады (генералдар қолынан. – Т.Д.) Қосқадам бидің үлкен ұлы Аймырза бірде ағайын-туысын жинап, әкесіне жас әйел алып беру керектігін айтып, түсіндіреді. Әкеме лайық деп өзі таныс-біліс Керейіт ағайынның қызын айттырғысы келеді. Жайшылықтың әкесі Созақбайдың айтуынша, Қосқадам бұл кезде 60 жаста болыпты. Құдалар жағы Қосқадам бидің жасының ұлғайғанын алға тартып, қалың малды көбірек сұрапты деседі. Мал-жаннан кенде емес Аймырза құдаларын риза етіп, қалыңдықты әкесіне қосады. Қосқадамның 60 жасында Жүніс (1866 ж.) өмірге келген. Сол Жүніс атамыз Созақбаев Жайшылықтың атасы.

Ақкөбек бидің бір баласының есімі – Бөбек. Осы Бөбек бабадан Жансері (Жансерік) өрбіген. Жансеріден Қосақ атамыз өмірге келіпті. Қосақ та өз кезінде елге ақсақалдық жасаған кісі екен. Қосақтан – Санабай, Сәрмен, Әлмен, Масан туған. Архивтегі құжатта шежіреде жоқ Дәрмен, Әлмен есімдері кездесті. Ұрпақтарының айтуынша, Санабай шамамен 1818-1820 жылдары туып, ХХ ғасырдың басында өмірден өткен. Сәрмен бабадан Сарыбай туады. Сәрмен ата 1820 жылы туып, 1905 жылы дүниеден озған. Тоғанастың айтуынша, әкесі Сарыбай

ашаршылық жылдары ағайындарына қамқор болады. Жетім балаларды жинап, балалар үйіне өткізуге атсалысқан. Әбжами 1926, Әбдікәрім 1928 жылы туған. Олар балалар үйіне өтіп кеткен. Кейіннен Қазалы балалар үйінен Әбжамиді тауып елге қосады. Әбдікәрімді таба алмапты.

Әбжәмиден – Абдулла, Камал, Ғани туған. Ал інісі Жақсылық еңбек колониясында қайтыс болады. Оның артында қалған 2 ұл, 1 қызын қолына алып, азамат қатарына қосады. Сламбекті үйлендіріп, енші беріп, жеке шаңырақ иесі етеді. Сламбектің қызы Жайна бүгінде республикаға белгілі тележүргізуші. Сондай-ақ Сарыбай ақсақал 1916 жылы Аманкелді Имановтың атты әскерінде сарбаз болса, кейіннен Самарқан, Қаттақорған қаласында азамат соғысына қатысып, Ташкенттегі мақта зауытында жұмысшы болып, елден ауып келген ағайындарға бас-көз болыпты.

Сарыбайдан Тоғанас, Тұрғамбек, Кәрімбек, Жұрманнан – Жақсылық – Сламбек, одан Жайна, Әбдімәлік өсіп-өнген. Тоғанастан: Нұрлан, Айнұр, Назгүл, Нұргүл, Гаухар, бәрі де бір-бір үйдің иесі.

Шежірелер мен жазба деректерді қарап отырсақ, көбінесе атасының есімімен жазылған. Атап айтар болсақ, Бекмырза Еркінбаев (әкесінің аты Бекқожа), Сатанбай Қозыкеев (әкесінің аты Қанатша), А.Қоржынбаевтың әкесінің есімі – Әлібай. Бүгіндері ата-бабаларының есімімен жазылған адамдар баршылық, мысалы, полковник Ғалия Бетайқызы Қуаңова (әкесінің есімі Бетай, атасы Қара, бабасы Жүрген). Ол кісі Жүргеннен де асып, Қуаң бабаның есімін алған. Мұндай мысалдар өте көп.

Ақкөбек бабадан тараған балаларының бірі – Түмен. Осы Түменнен – Жылқайдар, Дайыр, Бегайдар өмірге келіпті. Жылқайдар бабадан – Тәттібай, Құттыбай, Сопа тараған. Тәттібай мен Құттыбайдан ұрпақ жалғасып отыр. Енді тікелей Сопа атадан өрбіген ұрпақтарға аз-кем тоқталмақпын. Сопадан – Оразқұл, Ниязқұл туады. Оразқұлдан – Сұлтанбай, одан Бектібай, Қуантай, Телеубай өмірге келіпті. Дайырдан – Малбағар, Тойбағар тараған.

Архивтік жазбаларда Құттыбай Жылқайдаров (1851 ж. туған), Сұлтанбай Оразқұлов, Орынбай мен Боранбай (1868 ж.) Сопабаетардың есімдері жазылған. Осыдан-ақ олардың жас шамасын білуге болады. Қуантайдан – Әбсаттар – одан Нұрадин, Әбдірахман, Әбдірасыл, Нұрмағамбет туса, Телеубайдан – Шерепет – одан Оңдасын, Оңғар, Аманғали өмірге келген. Ниязқұлдан – Қуаңбай – одан Әлібай, Тұрақ болып жалғасады. Тұрақтан – Шәртай, Жанна, Жолдасбек, Қожантай тарайды.

Қарамырзадан – Өмірбай, Қоңырбай, Қаракесектен Жәкен туады. Шежіреге енбеген Баймахан Қаракесековтың есімі 1903 жылғы құжатта жазулы және жасының 30-да болғаны көрсетілген. Сұлтанбай Оразқұлұлының ел-жұртқа ағалық жасап, ақсақал болғаны, патшалық кезінде ауылнай болғаны көрсетілген.

Тоғанасқа әкесі Сарыбайдан жеткен әңгіме: Сұлтанбай ел жайлауға көшер тұста өмірден өтіп, сең жүрместен бұрын дариядан өтуге қамданған шаруалар, сүйекті аманат ретінде қыстауға қойып кетеді. Күзде оралысымен сүйекті қараса еш бұзылмағанын көріп, бәрі бір Алланың рахымшылығы деп бабалар қорымына жерлейді. Кейіннен баласы Бектібай да әкесінің қасына қойылыпты. Бастарында көктас бар. Сонымен Сұлтанбай 1847-1848, Бектібай 1864-1865 жылдары туған деуге негіз бар.

Бектібайдың туған бауырлары Телеубай мен Қуантайдың дәм-тұзы өзбек жерінде таусылыпты. Мүсілім мен Жорабекті кейін алармыз деп жетім балалар үйіне өткізіп, қыздарды алып қалып өсіреді. Бірақ сол екі баланың ізі табылмапты. Бектібайдың баласы Асқар 1908 жылы Майлыөзек маңында өмірге келеді. Колхоздың басқарма тарағасы, ауылдық кеңес басшысы, басқа да қызметтерді абыроймен атқарған. 1993 жылы Жосалы кентінде өмірден өтеді. Асқар аға мен Сомалтын (Сомке) апай 11 бала тәрбиелеп өсірген, бірлігі мол отбасы. Сомке апай мен Асекеңе арналған өлең-жырлар баршылық. Асқар ағаның үлкені Бақытбек 1976 жылы 37 жасында өмірден өтті. Бақытбектен – Зоя, Жанкелді, Еркін, Дархан, Ләззат, Нұрлан, Гүлнұр, Гүлшат өмірге келген. Бүгінгі ұлдарының үлкені, апа-қарындастарының қамқоршысы болып жүрген, белгілі азамат Жанатай Асқарұлы Алматыдағы қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы университетте оқып, «инженер-металлург» мамандығын алып шығады. Алматы қаласындағы өндіріс орындарында цех бастығы, бас инженер, зауыт директоры сияқты қызметтердің тізгінін ұстады. Көптеген кәсіпорындарда іскер басшы бола білді. Бүгінде зейнеткер. Жанатайдың балалары – Жандос, Нәйлә мемлекеттік қызметте. Айгүлі өмірден ерте өтті. Амангелді Асқарұлы 2008 жылы 46 жасында дүниеден озды. Оның артында: Зәбира, Фариза, Айдос, Ердос атты балалары бар. Асқар атаның кенжесі Нұргелдіден – Нұрдос, Нұрбол Асқаровтар әулетінің жалғасы.

Ниязқұлдан тараған Қуаңбай 1931 жылы қайтыс болып, Жалғызқұмда жерленген. Қ.Ниязқұлов есімі 1868 жылғы архивтық құжатта жазылған. Олай болса Қуаңбай 1848-1850 жылдары өмірге келсе керек. Сондай-ақ 1903 жылғы деректе Ержан, Нұрман Боранбаевтармен қатар ағайынды Абдуллаевтар (Әбілдаев. – Т.Д) – Ермахан, Сермахан, Бижан, Аймахан, Байғұлы есімдері бар. Байғұлыдан Әмзебек, Сыдықбек, Есмаханнан – Ерпейіс, Қалдан өрбіген. Сермахан Әбілдаев 1902 жылдың көктемінде қайтыс болған. Сермаханнан – Болаш (1889-1932 жж.), Шыбық атты қыз өмірге келіпті. Болаш қыз Әнапия Үрістембек жырауға, Біданы Құлжан бидің ұлы Жарылқасынмен бас қосқан. Ұрпақтары бар.

Сермаханқызы Шыбық көрікті қыз болып өсіп, есімі ауыл-аймаққа жайылады. Қуандария болыстығын басқарған Тапбай Қосымбаев қыздың дақпыртына есі кетіп, інісіне алып бермекші болады. Ағасын, ағайындарын қорқытып, келін етуге келіседі. Шыбық қыз айла тауып,

болысқа шарт қойып барып келін болуға келісіпті. Алайда Шыбық оязға арыз беріп, бас бостандығын алады. Осыған ашуланған Тапбай Шыбық қызды қарғаса керек. Сол қарғыс дөп тиіп, Қашқансу маңында демі үзіліп, сол жерге жерленіпті. Мұны замандасы, ақын Молдахмет Дабылұлы (1879-1946 ж.) өзінің «Шыбық» атты дастан-жырында баяндаған.

Өмірде түрлі-түрлі нәрселер болады емес пе? Ашаршылық жылдары Тапбай болыс Өзбекстанға ауып барып, сол жақта қайтыс болар алдында өзінің өткен өміріне, астамшылық істеріне өкінген деседі.

Ата-тек шежірелерде Түгел баба ұрпақтары толық қамтылмаған. Түгел атадан тараған (бірнеше атадан кейін) Қуандық, одан Қайырлап туады. Осы Қайырлаптан Ерсейіт (1890-1960 жж.), одан Жұмағазы, Жұмабай болып жалғасады.

Менің архивімдегі құжаттарда Жақсығұл Құрышев есімі бар. Шежірені талдап көрсем, Ералы, Ақсұңқар, Жиеналы бабалардан тарайды екен. Сөйтсем, игі-шаралардың басы-қасында жүретін Дүйсен інімнің аталары болып шықты.

1862-1874 жылдарда Сырдария, Қуаңдария, Жаңадария, Майлыөзек аңғарларында жолбарыс жортқан уақыт болыпты. Сол жолбарыстарды Төртқара, Шөмекей, Кете, т.б. рулардың адамдары аулағаны туралы сирек те болса деректер кездеседі. Төртқара Масақбаев, Сарғасқа Тоғанас батыр, Ақкөбек Құрыштардың жолбарыс аулаудағы ерлігі ел аузында аңыз болып айтылады.

«Түркістан уәлаяты» газетінің 1874 жылғы 12 қарашадағы санында былай дейді: «Ақмешіт оязына қараған жерде жолбарыс көбейіп, Байзақ болысынан екі кісіні жепті. Сол себепті осы жолбарысты азайту үшін аңшы, мергендерге әрбір жолбарысты өлтіргенде патшалықтан 10 сом ақша беріледі». Осы өңірде жолбарысқа байланысты жер-су атаулары бар. Тіпті кейбір адамдарға жолбарыс есімін қосып атаған.

«Түркістан уәлаяты» газетінің 1872 жылғы 27 мамырдағы №11 санында былай жазылған: «Март айының басында Перовск оязындағы Шаған деген жерде Өсербай Қыстау дегеннің ауылына бір жолбарыс келеді. Қыстау қатынының даусын естіп, қолына ағаш алып жолбарысқа қарай жүгіреді. Жолбарыс Қыстауды көтеріп алып астына салыпты. Сонда Қыстаудың айқайлаған даусын естіп қоныстастары келіп, жолбарысты соғып алып Қыстауды құтқарыпты».

Сол жолбарыс аулаушы батыр кісінің ұрпағының бірі – Дүйсен Жақсығұлов. Жақсығұл есімі 1902, 1903 жылдардағы құжатта кездесті. Жақсығұлдан Шәріп, Шәріптен – Орынбек, Дүйсен, Әбдірахман; Орынбектен – республикаға жыршылық өнерімен танылған жырау Серік Жақсығұлов. Дүйсен де қаражаяу емес, көптеген игілікті іс-шаралардың ұйымдастырушысы.

Нұрлыбай, Қазеке бабалардың жалғасы болып келетін Демеуден тараған Жарылқасынның өмір жолы өнеге мен ерлікке толы. Ресейде

офицер болған. Қармақшы ауданында колхоз басқармасы мен сауда ұйымдарында басшылық жасаған. Демеуден Жарылқасын мен Әбілқасым тарайды. Жарылқасынның баласы Мырзақасым да еңбеккеш болып өсті. Алматы қаласындағы көптеген тұрғын үйлер мен кәсіпорындар құрылысы Мырзақасым бригадасының қолынан қаланды десек артық айтқандық емес. Еңбегімен елге танылған Мырзақасым Жарылқасынов Алматыда өмірден өтті (2018 ж.). Әкелі-балалы екеуі дүниеден ерте озса да артында игілікті істер қалды. Мырзақасымнан Айқанат өмірге келген.

Дәйек пен деректерді салыстыра отырып, өткен бабалар өмірін біліп жүрейік деген ниетпен осы мақала жазылды. Ұрпақтар сабақтастығы әрдайым жалғасып жатса, халқымыздың келешегі айқындала түспек.

**Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
зерттеуші, жазушы
«Құрмет» орденінің иегері**